



SATBAYEV
UNIVERSITY

БЕКІТЕМІН


Геология, мұнай және тау-кен ісі
институты директорының орынбасары

Я.К. Аршамов

ГТПҚКІЖБ кафедра меңгерушісі

А.А. Бекботаева

«21» тамыз 2020 ж.



СИЛЛАБУС

КОД GEO1211 «Палеонтология және тарихи геология»

5B070600 мамандық үшін

3 кредит (2/1/0)

Семестр: 6, 2020-2021 оқу жылы

АЛМАТЫ, 2020

Сәтбаев Университеті
Институт Қ. Тұрысов атындағы Г және МГІ институты
Кафедра «ГТПҚКІжәнеБ»

1. Оқытушылар жайлы мәлімет:

Лектор Асубаева Салтанат Калыкбаевна
дүйсенбі 11.00-13.00 кабинет №427
Saltanat Assubayeva (s.assubayeva@satbayev.university)
saltanat_as_nur@mail.ru

Оқытушы (зертханалық жұмыстар)
Коккузова Маншук Несипбековна
жұма 12.10-14.10 кабинет №427
m.kokkuzova@satbayev.university

Курстың қысқаша мазмұны: "Палеонтология, және тарихи геология" курсы «Геология және пайдалы қазба кенорындарын барлау», мамандығы бойынша геологтарды дайындауда маңызды роль атқарады.

Палеонтология, стратиграфия және тарихи геология пәнінің мақсаты:

- органикалық әлемнің эволюциясын және жүйеленуін;
- таужыныстарының жасын анықтау әдістерін, таужыныстарының пайда болу жағдайларын және қабаттардың орналасу реттілігін;
- ежелгі кезеңдерден қазіргі заманға дейінгі жер қыртысының даму тарихы заңдылықтарын зерделейді;

Пән өту кезінде алған білім:

Палеонтологиялық материалдарды өңдеудің әдістерін меңгеру, зерттеудің түрлерін қолдану, қазіргі нормалармен ережелерді қолдана отырып қазба қалдықтарды анықтау. Пәннің өту барысында алынған дағдылары мен қабілеттері (кәсіби, басқарушылық, байланыс)

Оқу барысында алған икемділіктерін және дағдыларын, омыртқалы және омыртқасыз жәндіктердің қазба қалдықтарын көзбен диагностикалап анықтауда пайдалану. омыртқасыз жануарлардың қазба қалдықтардың құрлыс ерекшеліктерін олардың таксономиялық жағдайларының, жастық арақатынасын анықтау негізінде, белгілі организмдердің өмір сүру ұзақтығын, өмір сүру ортасын зерделеуді. Алынған мәліметтер арқылы қабаттардың түзілу шарттарын, палеогеографиялық жағдайларды қалпына келтіреді. Осы жұмыстардың соңғы нәтижесі кезеңдердегі геологиялық болған жағдайларды анықтайды. зерттелген аудандардың стратиграфиялық бағаналарын жасау. Палеогеографиялық карталар құрастыру..

Пәнді меңгеру нәтижесінде студенттер білу керек, теория және практика аясындағы дағдылары мен қабілеттері, зерделеу әдістерін, Жер дамуында болған органикалық және бейорганикалық табиғаты қалпына келтіру.

Оқитын әдебиеттер тізімі

Негізгі:

[1] Байбатша Ә.Б., Мустапаева С.Н. Палеонтология курсы: Оқу құралы. – Алматы: ҚазҰТУ, 2015– 133.б.

[2] Ә.Б. Байбатша Тарихи геология Оқу құралы. – Алматы: ҚазҰТУ, 2015– 155.б.

Қосымша:

[1] Лисогор К.А., Малиновская В.Д., Абишев Б.М., Махмутов А.Т. Краткий курс палеонтологии (учебное пособие). Алматы , 1998г.

[2] Михайлова И.А., Бондаренко О.Б. Палеонтология. 2-е изд., перераб. и доп.: Учебник. М.: Изд-во МГУ, 2006.

[3] Ежова А.В. Литология нефтегазоносных толщ. учебная пособия Томск Изд-во ТПУ 2013г. 122стр.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Апта н	Аудиториялық сабақтар			СӨЖ/СОӨЖ
	Дәріс тақырыбы	Зертханалық жұмыстар тақырыбы	Әдебиеттер	Тапсырма түрі
1	Палеонтология және оның шешетін мәселелері. Қазба қалдықтар және оларды зерттеудің әдістері. Қарапайымдылар, Көпклеткалылар, губкалар, археоциаттар.	Палеонтология. Теңіздің биномиялық жағдайлары, таксономиялық бірліктер. Қарапайымдылар, Көпклеткалылар, губкалар, археоциаттар, отрядтары және түрлерімен танысу	1 негіз. [5-25] бет	Quiz
2	Ішекқуыстылар, құрттар, буынаяқтылар, трилобиттер	Ішекқуыстылар, құрттар, буынаяқтылар, Трилобиттер отрядтары және түрлерімен танысу	1 негіз. [25-47] бет	Quiz
3	Мшанкалар, брахиоподалар, моллюскалар, инетүктілер,	Мшанкалар, брахиоподалар, моллюскалар, инетүктілер, отрядтары және түрлерімен танысу	1 негіз. [47-95] бет	Quiz
4	Шалахордалылар, Омыртқалылар: хордалылар, балықтар, амфибиялар, рептилиялар, құстар, сүтқоректілер	Шалахордалылар, Омыртқалылар: хордалылар, балықтар, амфибиялар, рептилиялар, құстар, сүтқоректілер, отрядтары мен түрлерімен танысу	1 негіз. [96-128] бет	Summary
5	Палеоботаника. Прокариоттар, эукариоттар. Жоғарғы сатылы өсімдіктер.	Палеоботаника. Прокариоттар, эукариоттар. Жоғарғы сатылы өсімдіктер.	1 негіз. [129-157] бет	Quiz
6	Фации: литоральды, неритті және абиссальды теңіз белдемдері. Континенталды фация.	Таужыныстар арқылы фацияны анықтау.	2 негіз. [110-120] бет	Summary
7	Стратиграфия негіздері. Стратиграфияның принциптері және бірліктері. Абсолюттік және салыстырмалы геохронология	Стратиграфиялық шкала	2 негіз. [120-130] бет	Аралық бақылау 1: тапсырмаларды толығымен өткізу, теориялық мәліметтерді қысқаша сұрау
8	Жердің кембрийге дейінгі (гадейдегі) даму тарихы	Жердің кембрийге дейінгі (гадейдегі). Органикалық әлемді, палеогеографияны және палеотектониканы сипаттау	2 негіз. [7-20] бет	
9	Кембрий, ордовик, дәуірлеріндегі жердің даму тарихы.	Кембрий, ордовик, дәуірлеріндегі Органикалық әлемді, палеогеографияны және палеотектониканы сипаттау	2 негіз. [21-35] бет	Summary
10	Силур, девон дәуірлеріндегі жердің даму тарихы.	Силур, девон дәуірлеріндегі Органикалық әлемді, палеогеографияны және палеотектониканы сипаттау	2 негіз. [37-49] бет	Quiz
11	Карбон, пермь дәуірлеріндегі	Карбон, пермь	2 негіз. [50-85]	Summary

Силлабус

Сәтбаев Университеті

	жердің даму тарихы.	дәуірлеріндегі Органикалық әлемді, палеогеографияны және палеотектониканы сипаттау	бет	
12	Триас, Юра, дәуірлеріндегі жердің даму тарихы.	Триас, Юра дәуірлеріндегі органикалық әлемді, палеогеографияны және палеотектониканы сипаттау	2 негіз. [86-100] бет	Quiz
13	Бор дәуіріндегі жердің даму тарихы.	Бор дәуіріндегі, органикалық әлемді, палеогеографияны және палеотектониканы сипаттау.	2 негіз. [101-125] бет	Summary
14	Неоген, Палеоген дәуіріндегі жердің даму тарихы.	Неоген, Палеоген, дәуірлеріндегі органикалық әлемді, палеогеографияны және палеотектониканы сипаттау	2 негіз. [126-135] бет	Аралық бақылау 2: тапсырмаларды толығымен өткізу, теориялық мәліметтерді қысқаша сұрау. Аралық бақылау 2: тапсырмаларды толығымен өткізу, теориялық мәліметтерді қысқаша сұрау.
15	Төрттік дәуірдегі жердің даму тарихы. Қазақстан территориясының геологиялық және геодинамикалық даму тарихы.	Төрттік дәуірдегі жердің даму тарихы. органикалық әлемді, палеогеографияны және палеотектониканы сипаттау	2 негіз. [136-155] бет	
	Соңғы емтихан			Жазбаша емтихан

8. Бағалаудың күтілетін нәтижелері

Білім сатысы	Түсіну сатысы	Алынған білімді қолдану деңгейі	Ақпаратты талдау деңгейі	Синтездеу деңгейі	Алынған білімді бағалау деңгейі
Алынған ақпаратты есте сақтаңыз	Ақпаратты түсіндіре білу	жабық түрде берілген жұмысты орындау	ашық түрде берілген жұмысты орындау	Сұрақтарға ерекше жауаптар табыңыз	Алған біліміңізге сүйене отырып, сын пікіріңізді тұжырымдап жазыңыз
Жалпы геологиялық терминдер, қазба қалдықтар, зерттеу әдістерін білу	Жердің даму тарихын түсіндіре білу	Палеонтологиялық әдісті қолдана отырып тау жыныстардың жасын анықтау	Қазба қалдықтардың жаралу тегін талдай білу	Жер қыртысының даму тарихын тау палеонтология заңына баланыстырып, қалыптастандыру	Жердің пайда болуының, жер қыртысының дамуының әртүрлі теорияларын қарастырыңыз, әртүрлі гипотезалармен келісу немесе келіспеу, көзқарасыңыз

9. Тапсырмалардың тізімі және оларды орындауға арналған қысқаша әдістемелік (ұсыныстар) нұсқаулар:

✓ Студенттердің өзіндік жұмыстары (СӨЖ) (Summary):

Студенттің өзіндік жұмыстары (семестрлік тапсырма) – семестр ішінде пән бойынша өтілген материалдарды қамтитын тапсырмаларды орындаудан тұрады. 2- тапсырма беріледі. Тапсырмалар жазбаша түрде орындалып, орындау мерзіміне сай уақытта өткізілуі тиіс. Summary – студенттерге шетелдік және отандық ғалымдардың қосымша Силлабус

Сәтбаев Университеті

әдебиеттері (мақалалар, оқулықтың параграфтары және т.б. беріледі. Сол бойынша олар қағаз жүзінде қысқаша реферат жазуы қажет. Рефератта берілген өзекті мәселені көрсететін мәліметтер, қысқаша талдау және студенттің қысқаша қорытындысы болуы қажет. СӨЖ зертханалық сабақ жүргізетін мқғалімге өткізіледі.

✓ **Студенттердің өзіндік жұмыстары оқытушы жетекшілігімен (СӨОЖ):**

Студенттердің өзіндік жұмыстарды оқытушы жетекшілігімен орындауы (СӨОЖ) – өткен тақырыптар бойынша тапсырмаларды оқытушының жетекшілік етуімен өз бетінше орындау, Тапсырма дәріс сабақ кезінде 2 тапсырма беріледі. Оларды барлық студенттер ағымдық өзіндік жұмыс ретінде орындауға міндетті. Үй тапсырмасын орындау барысында Сіз оқулықтан және сабақта алған білімдеріңізді пайдалануыңыз керек. Сіздің орындаған жұмыстарыңыздың негізінде орташа баға шығарылады. Тапсырмаларды уақытылы орындап, тапсыру да ескеріледі. 1- тапсырма – «Геохроностратиграфиялық кесте», 2 тапсырма – «Аудандардың геологиялық даму тарихы» (мысалы: «Оңтүстік Қазақстан жер қыртысының даму тарихы» т.б.

✓ **Зертханалық сабақтар:** бағдарламада 8 зертханалық жұмыс қарастырылған. Зертханалық тапсырмалар практикалық қолдануды қамтамасыз ету, тәжірибеде білім алу және дәрістер қамтылған материалдарды белгілеу мақсатында жасалды. Әрбір тапсырма 2 сабаққа арналған. Зертханалық жұмыстар сыныптан тыс жұмыс жасауды қажет етеді. Белгіленген мерзімнен кейін жұмыстарды тапсыру студенттің ауыр себептері немесе медициналық куәлігі болмаса, қабылданбайды.

✓ **Аралық бақылау:** Аралық бақылау - аралық бақылау семестрде екі рет өткен материалдарды меңгеру дәрежесін тексеру үшін жүргізіледі. Аралық бақылау теориялық және практикалық білімін тексеру мақсатында, сонымен қатар жұмыс бағдарламасымен қарастырылған жасампаздық, өзбетілік жұмыстарды орындау кезіндегі дағдыларды пайдалану арқылы геологиялық қималарды түсіру және қорларды есептеу әдістемесін меңгеруін тексеру мақсатында жүзеге асырылады.

✓ **Емтихан:** *Қорытынды емтихан* – курс бойынша барлық материалдарды қамтиды және қорытындылайды. Емтихан жазбаша өткізіледі және түрлі тапсырмаларды қамтиды: дәріс бойынша өтілген материалдарды қамтитын сұрақтардан, нақты тапсырмаларды практикалық шешуден тұрады. Емтихан ұзақтығы 2 академиялық сағат. Емтиханда егер баға төмен болып қалса, оны көтеру үшін ешқандай қосымша сұрақ берілмейді. Сондай-ақ емтиханды қайта тапсыруға рұқсат берілмейді.

9. Тапсырмаларды бағалау критерийі:

Әріптік жүйедегі баға	Бағаның цифрлік эквиваленті	Критерий
A	95 – 100	«Өте жақсы» деген бағалау үшін курстық бағдарламаны толықтай меңгеру қажет. Курстың негізгі заңдылықтарын өздігінен критикалық бағалау керек. Теориялық білім мен тәжірибені ұштастыра білуі қажет. Дәрістік және зертханалық сабақтарға белсенді түрде қатысу қажет және курс бойынша қосымша монографиялық әдебиеттерді игеруі керек.
A -	90 – 94	«Өте жақсы» - Курстық бағдарламаны толықтай меңгеру; курстың негізгі заңдылықтарын өздігінен критикалық бағалау; теориялық білім мен тәжірибені ұштастыра білу; дәрістік және зертханалық сабақтарға белсенді түрде қатысу; бірақта курс бойынша қосымша монографиялық әдебиеттермен таныспаған.
B +	85 – 89	«Жақсы» - Студент өткен материалдарды жетік меңгеру және белсенді түрде зертханалық сабақтарға атсалысу. Тақырыптың мән-мағынасын және сұрақтарға жауабын жазбаша түрде еркін және ауқымды түрде ашып жазу.
B	80 – 84	«Жақсы» - Студент өткен тақырыптарды толығымен меңгергенін көрсете отырып берілген тақырыптың мазмұнын толық жеткізе білу. Оқытушы тарапынан қойылған сұрақтар мен тапсырмаларды толығымен жүйелі түрде орындау.
B -	75 – 79	«Жақсы» - Студент өзіне қойылған сұрақтарға еркін жауап бере алу, бірақ

		кейде нақты дәлелмен жеткізе алмау. Ұсынылған әдебиеттерді толық меңгеру. Студент дәрістер мен зертханалық сабақтарға кейде себепсіз қатыспау.
C +	70 – 74	«Жақсы» - Студент өткен тақырыптарды толығымен меңгергенін көрсете отырып, берілген тақырыптың мазмұнын толық жеткізе біледі. Бірақ оқытушы тарапынан қойған кейбір сұрақтарға толық жауап бере алмайды. Курстың негізгі ережелерін критикалы бағалауға қабілетсіз. Тапсырмаларды орындаған кезде кішігірім қателіктер жібереді.
C	65 – 69	«Қанағаттандырылдық» - Студент курс бағдарламасы бойынша өткен тақырыптарды толық меңгере алмаған, сұрақтарға толық жүйелі түрде жауап бере алмайды. Тапсырмаларды орындау барысында қателіктер жібереді, бірақ та қателіктерді түзетуге қабілеті жеткілікті.
C -	60 – 64	«Қанағаттандырылдық» - Студент курс бағдарламасын түсінгенін жеткізе алмайды, сұрақтарға жауап өте қысқа. Тапсырмаларды орындау барысында қателіктер жібереді, жіберген қателіктерді түзетуге білімі жеткілікті.
D +	55 – 59	«Қанағаттандырылдық» - Студент теориялық материалдарды толық игермеген, ұсынылған әдеби кітаптарды оқымаған. Дәріс және зертханалық сабақтардан себепсіз қалады. Тапсырмаларды орындау барысында біршама қателіктерді жібереді. Қателіктерді түзетуге білімі жеткілікті.
D	50 – 54	«Қанағаттанарлық» - Студент өткен материалдарды түсінгенін немесе толық игергенін жеткізе алмайды. Сұрақтарға жауабы толық емес. Дәріс және зертханалық сабақтардан себепсіз қалады. Қателіктерді түзетуге білімі жеткілікті.
FX	25-49	«Қанағаттанарлықсыз» - өте төмен көрсеткіш, емтиханды қайта тапсыру керек
F	0 – 24	Студент берілген тапсырмаларды игере алмаған. Қарапайым сұрақтарға жауап бере алмайды, мазмұнын жетік түсіне алмайды.

Қажетті жұмыстарды өткізу кестесі

№	Бақылау түрі	Аптадағы макс. баллы	Апталар															Макс. баллдар қорытындысы
			1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	
1	Зертханалық тапсырмаларды орындау және тапсыру	4		*		*		*	*									16
2	Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ) (Summary)	4					*	*										8
3	1-аралық аттестация (Midterm)	6								*								6
4	Зертханалық тапсырмаларды орындау және тапсыру	4										*		*		*	*	16
5	Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ) (Summary)	4											*		*			8
6	2-соңғы аттестация (Endterm)	6															*	6
	Қорытынды емтихан	40																40
	Барлық қосындысы																	100

10. Тапсырмаларды тапсыру саясаты:

Студент дәрістер, зертханалық сабақтарға даярланып келуі қажет. Зертханалық жұмыстарды уақытылы қорғауы, барлық жұмыстар түрлерін толық орындауы (зертханалық және өзіндік) тиіс. Студент сабақтарға кешікпеуі және сабақтарды жібермеуі тиіс, өз ісіне жауапты және міндетті болуы қажет. Жұмыстарын уақытылы тапсырмағаны үшін (жоғары) максималдық балды азайту қарастырған. Студент белгілі бір себептермен

Силлабус

Сәтбаев Университеті

аралық бақылауға қатыса алмайтын болса, оқытушыны емтиханға шейін ескертуі қажет. Егер аралық емтиханды барлық студенттер жазып және сабақты талқыланатын болса, емтиханды қайта тапсыру мүмкін емес. Емтиханға себепсіз қатыспау сізді оны тапсыру құқығынан айырады.

11. Сабақтарға қатысу саясаты:

Дәріс және зертханалық сабақтарда міндетті түрде қатысуыңыз қажет және белсенділік таныту міндетті. Дәріс материалдарын бекіте түсетін көптеген теориялық материалдар тек дәріс сабақтарында беріледі. Сондықтан, сабақтан қалу – Сіздің оқу үлгеріміңіз бен қорытынды бағаңызға әсерін тигізеді. Кез-келген себептер бойынша сабақтан екі рет кешігу және/немесе сабақтың соңына дейін кетіп қалған жағдайда бір рет сабақтан қалған болып саналады. Алайда сабаққа тек қана қатысу балды көбейту болып саналмайды. Сабаққа әрдайым белсенді қатысып отыру қажет. Әрбір сабаққа дайындалып жүру – курсқа қойылатын міндетті талап болып табылады. Оқулықта көрсетілген бөлімдерді және қосымша материалдарды тек заертханалық сабаққа дайындық кезінде емес, тиісті дәріске қатысар алдында да қарау қажет. Мұндай дайындық Сіздің жаңа материалды қабылдауыңызды жеңілдетеді және Сіздің университет қабырғасында терең білім алуыңызға ықпал етеді. Сабақтан 20% артық қалуға болмайды.

12. Академиялық мінез-құлық пен этика саясаты:

Толерантты болыңыз, басқаның көзқарасын құрметтей біліңіз. Қарсылықты тұжырымдалған түрде жасаңыз. Плагиат және көзбаяушылыққа жол берілмейді. Емтихан кезінде көршіден көшіріп алуға, емтиханды басқа студент үшін тапсыруға болмайды. Студенттің кез келген теріс (қылығы) байқалған жағдайда қортынды бағасы «F» болады.

Көмек: Өздік жұмыстардың орындалуын және оны қорғау, сондай-ақ зерттелген материал туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ барлық басқа да мәселелер бойынша оқытушымен кеңес жүзеге асырылады және офис-сағаты уақытында немесе тәулік бойы электрондық байланыс құралдары арқылы оқытушыға хабарласуыңызға болады.

Пән бойынша оқыту шеңберінде, кез келген сыбайлас жемқорлық көрінісінің кез келген түріне жол берілмейді. Рсындай әрекеттерді ұйымдастырушы (олардың тапсырмасы бойынша оқытушы, студенттер немесе үшінші тұлға) ҚР заңдарын бұзғаны үшін толық жауапкершілікке тартылады.

ГТПҚКІЖБ кафедрасының отырысында қаралды «21» тамыз 2020 ж. хаттама №1

Құрастырған: геология-минералогия ғылымдарының кандидаты лектор Асубаева С.К.